


2022 жылдың тамыз айындағы іскерлік белсенділік туралы
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі

Шикізат пен материалдарды жеткізудегі ұзақ мерзімдер мен жекелеген секторларда жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуі – нақты секторда іскерлік белсенділікті тежеп келеді. Іскерлік белсенділік индексі тамызда 47,8-ге дейін (шілдеде – 48,0) төмендеді. Қызмет көрсету секторында индекстің мәні өзгерген жоқ – 48,8. Өндірісте (шілдедегі 48,5-тен) 48,7-ге дейін біршама жақсару үрдісі байқалады, қалған секторларда: тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 44,9-ға дейін, құрылыста – 45,7-ге дейін индекс, керісінше, төмендеген.



2022 жылғы тамызда кәсіпорындардың **ағымдағы** бизнес-жағдайларды бағалауы **(-)3,2-ға** дейін (шілдедегі **(-)5,8-ден**) аздап жақсарғанына қарамастан, теріс күйінде қалды.

Алдағы 6 айға арналған **болашақ** бизнес-жағдайларды бағалау да біршама жақсарды – **17,4** (шілдеде – 16,8).

Нәтижесінде, **қазіргі және болашақ** бизнес-жағдайларды орташа бағалауды білдіретін **бизнес-ахуал индексі 6,8-ге** (шілдеде – 5,2) ұлғайды.

2022 жылғы тамызда бизнес-жағдайлардың барлық факторын бағалау бойынша теріс жауаптар басым болды. Осыған қарамастан, коммуникацияларға қолжеткізуді, салықтық жүктемені және бизнесті қорғау мәселелерін бағалау, тиісінше, **(-)3,3**, **(-)4,2** және **(-)4,4** дейін жақсарғаны байқалды. Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, тау-кен өндіру өнеркәсібінде сұраныс төмендеді, қалған секторларда сұраныс жоғары.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>